

8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған

Каримова Гулим Сайлаубековнаның
«Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары»
тақырыбындағы диссертациясы бойынша

АВТОРЕФЕРАТ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі таңда білім беру моделі өзгеріп, әлемде дәстүрлі білім беру жүйесінің цифрлық технологиялармен толықтырылып және онлайн оқытуға көшу пайызының артуы орын алуда. Сондықтан да цифрлық экономика мен цифрлық білім беруді құру – Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының маңызды басымдықтарының бірі.

Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі цифрлық экономика мен цифрлық қоғамға көшудің жаһандық үдерістерінен туындаған цифрландыру үдерісімен сипатталады. Global Education Futures «Образование для сложного общества» баяндамасына сәйкес білім беруді цифрландыру «біздің болашағымызды айқындайтын мегатренд» болып табылады.

Осы орайда, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылдың 1 қыркүйекте «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Менің цифрландыру ісіне және инновацияны енгізу мәселесіне баса мән беретінімді баршаңыз білесіздер. Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды ІТ мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес. Үкімет жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс», - деп цифрландыру үдерісінің өзектілігінің күн санап артып келе жатқанын ерекше атап өткен.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдаманың «Орта білім беру жүйесі арқылы саналы және жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру» атты 2-бағытында: «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу педагогтер мен білім алушыларға арналған электрондық платформалар арқылы жүзеге асырылады, бұл бүкіл оқу процесін цифрландыруға әкеледі», - деп жалпы білім беруді цифрландыру үдерісінің маңыздылығы аталып өтілген.

Еліміздің президенті Қасым - Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында: «Толыққанды оқу үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу

кажет», - деп, онлайн оқыту мен білім беруді цифрландырудың маңыздылығын атап өткен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 727 қаулысымен бекітілген 2021 – 2025 жылдары жүзеге асырылатын «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасында оқушыларға үйден мектеп контентіне 24/7 қолжетімділікті қамтамасыз ету міндеттелген. Аталмыш жоба аясында оқулықтарды цифрлық форматқа көшіріп, оқулықтардың цифрлық портфелін құрып, кіріктірілген білім беру онлайн платформасын енгізу іс – шаралары жоспарланған.

Қазақстанның Болон үдерісіне кіруі, әлемнің түрлі елдерінің жаһандану және экономикалық ықпалдасу үдерісі, сондай-ақ Қазақстанның ашық білім беру кеңістігіне кірігу саясаты шетелдік те, отандық та педагогикалық ғылымда өзекті болып табылатын білім беруге құзыреттілік тұғырына негізделіп, жаңа білім беру моделіне ауқымды көшуге алып келді.

Бәрімізге мәлім, 2020 жылы басталған пандемия 190 – ға жуық елде бір жарым миллиард оқушыға әсер етіп, білім беру жүйесіне ең үлкен кесірін тигізді. Мектептер мен басқа білім беру мекемелерінің офлайн форматта жұмыс істей алмауы әлемдік оқушылар санының 94 % - на әсер етті.

Дей тұрғанмен, коронавирус пандемиясымен байланысты дағдарыс білім беру саласындағы инновацияны ынталандырғанын да атап өткен жөн. Білім берудің үздіксіздік үдерісін қамтамасыз ету үшін радио және телетрансляциялардан бастап, үйде зерделеу үшін материалдар жиынтығын ұсынуға дейінгі жаңашыл тәсілдер қолданылды. Бүкіл әлемдегі мемлекеттер мен серіктестер, соның ішінде ЮНЕСКО қамқорлығындағы жаһандық білім беру коалициясы аясында үздіксіз оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қабылданған жедел әрекет ету шараларының арқасында қашықтықтан оқыту шешімдері жасалды.

В.Л. Назаровтың пайымдауынша: «Білім беруді цифрландыру - әлемдік әлеуметтік, экономикалық, индустриялық, әсіресе білім беру жүйесінің өзекті тренді. Пандемия кезінде әлемнің көптеген дамыған елдеріндегідей, Қазақстанда да білім беру негізінен әртүрлі цифрлық құралдар арқылы іске асырылып, қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу жүзеге асырылды. Аталмыш қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу білім беру саласындағы бірқатар бағдарламалық құжаттардың стратегиялық мақсаты ретінде белгіленген цифрлық трансформацияны қарқындатуға себеп болып қана қоймай, сонымен қатар білім саласындағы реформалардың нәтижелерін тексеруге мүмкіндік берді».

Бірақ, сонымен бірге, қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу Қазақстан үшін ғана емес, әлемнің көптеген басқа елдері үшін де өзекті бірқатар проблемаларды айқындай түсті.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына енгізілген толықтырулар мен өзгертулер 24.10.2011 ж. № 487–IV ҚРЗ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан- 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты

атты Қазақстан халқына Жолдауы 2012 жылғы 14 желтоқсан, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 727 қаулысы, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141-VII Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасының тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы (1 қыркүйек 2023 ж.), Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы (1 қыркүйек 2022 ж.), Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары сияқты құжаттар талданып, қарастырылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтықтан оқуға көшті. Бұл білім берудің әдістемесі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде. Ашығын айтқанда, әлі күнге дейін нақты бір онлайн-платформа жоқ. Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет. Қашықтықтан оқытуға көшудің маңызды құралдарының бірі – электронды оқулықтар», - деді.

Осыған орай оқушылардың өзіндік жұмыс көлемін ұлғайту қажеттілігі мен мектепте шетел тілінде білім беру саласындағы қазіргі заманғы жоғары талаптарды ескеретін ағылшын тілі бойынша цифрлық оқыту контентінің жеткіліксіздігі байқалуда.

Тіл әлемді танудың, басқа халықтардың құндылықтармен танысудың құралы болғандықтан, қазіргі уақытта шетел тілін ерте үйренуге деген қызығушылық артып келеді. М. З. Биболетованың ойынша, қазіргі кезеңде шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты - шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, яғни тіл иелерімен шетел тілінде коммуникативтік қарым-қатынасты жүзеге асыруға қабілеттілік пен дайындық болып табылады. Ал екінші мақсаты оқушыларды оқытылатын тіл елінің мәдениетіне тарту болып табылады. Өз кезегінде бұл балаға өз елінің мәдениетін жақсы ұғыну мен түсінуге көмектесіп, мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісінде өз елінің мәдениетін таныстыра білуге үйретеді. Сонымен

қатар, шетел тілін ерте жастан бастап оқыту балаларды өзге тіл иелерімен қарапайым деңгейде коммуникативтік қарым-қатынасты жүзеге асыруға үйретеді.

Сарапшылардың пікірінше, ерте жастағы балалардың тілді меңгеруінің табиғи механизмінің икемділігі, имитациялық қабілеттері, жаңа нәрсені үйренуге деген табиғи қызығушылық пен қажеттілік, сондай-ақ «тілдік тосқауылдың» болмауы шетел тілін оқыту барысында пайда болатын мәселелерді тиімді шешуге ықпал етеді.

Ал шетел тілін цифрлық технологиялардың көмегімен оқыту – бұл заман талабы. Оған дәлел бір жағынан, 2020 жылы басталған COVID-19 пандемиясының кесірінен қашықтықтан оқу формасына көшу болса, екінші жағынан әлемде және Қазақстанда білім беруді цифрландыру үдерісінің қарқыны мен маңыздылығы.

Сол себепті зерттеліп отырған тақырып аясында аталмыш мәселелер бойынша қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін саралауды жөн санадық.

Ерте жастан бастап шетел тілін оқыту мәселесімен шұғылданған келесі қазақстандық ғалымдар: Жетпісбаева Б.А., Шелестова Т.Ю. Амандықова Г.Н., Мұхтарова А., Китибаева А.К., Аяпова Т.А.; ресейлік ғалымдар: Вронская И.В., Бим И.Л., Верещагина И.Н., Рогова Г.В., Азовкина А.Н., Биболетова М.З., Борисова А.Н., Гальскова Н.Д., Вронская И.В., Зимняя И.А., Гальперин П.Я., Леонтьев А.А. және тағы басқалары.

Ерте жастан шетел тілін оқыту әдістемесі аясында теориялық зерттеулермен Бим И.Л., Биболетова М.З., Верещагина И.Н., Гальскова Н.Д., Пассов Е.И., Денисова Л.Г., Мильруд Р.П., Никитенко З.Н., Рогова Г.В., Устинова Е.С., Чепцова Л.Б. және тағы басқа ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады.

Қазіргі қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді ескере отырып, бастауыш мектептің білім мазмұнын жаңаша тұрғыдан қарастырған ғалымдар: Аникудимова Е.А., Буре Р.С., Грачева З., Зотова Т.Н., Мизова М.Х., Счастливая А. М., Усова А., Парамонова Л.А., Просвиркин В.Н. т.б. еңбектерінің маңызы зор.

Білім беру үдерісінде шетел тілдік коммуникативтік қарым – қатынас пен коммуникативтік құзыреттілік мәселелері көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. Атап айтатын болсақ, Д. Хаймс, Г.Пифо, М.Н. Вятютнев, Д. Равен, И. А. Зимняя, Невирко, Л. И., Э.А. Утеубаева, М. Канал, С.Дж. Савиньон, И.Л. Бим, Кузнецова Е. П., Н.Д. Гальскова, В.В. Сафонова, Н. Хомский, Е.Н. Соловова, К. Кин, Л. Бэчмэн, Г.С. Трофимова, О.В. Фадейкина, А.Н.Шамов, С.А. Юсупов.

Білім беруді цифрландыру және цифрлық трансформациялау тақырыбы Қазақстан Республикасында да, әлемде де педагогикалық қоғамдастықта барынша талқыланатын және өзектілігі сөзсіз мәселелердің бірі. Тиісінше, аталмыш мәселе аясында жүргізілген зерттеулер мысалдарын шексіз келтіруге болады. Мәселен, Назаров В.Л. білім беруді цифрландыру үдерісіне екіжақты көзқарасты (мұғалім - оқушы) қарастырған, білім беруді цифрландырудың

артықшылықтары мен кемшіліктерін, білім беруді цифрландыру жағдайында қолданылатын жаңа әдіс – тәсілдерді, сонымен қатар білім беруді цифрландыру үдерісінің бастауыш және орта буын оқушыларына әсерін Флин, Сари, Тунмиби сияқты ғалымдар зерттеген.

Сонымен қатар, білім беруді цифрландырудың түрлі қырын, оқытуда құзыреттілік тұғырын қарастырған ғалымдар келесідей: Д.М.Джусубалиева, Е.В. Артықбаева, Чакликова А.Т., К.М. Беркимбаев, Г.Ж. Ниязова, Е.Ы.Бидайбеков, Нургалиева Г.К., Абдрахманова Г.И., С. Блюет, Сағалиева Ж.К., И.В.Роберт, В. В. Гриншкун.

Оқушылар мен студенттердің оқуға деген уәждемесі мен танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында АКТ құралдарын қолдану туралы өз еңбектерінде Б.Абықанова, Қ. Шадиев, Г.Қ.Нұргалиева т.б. қарастырылса, Г.О. Тажигулованың, А.Е. Сейлханованың еңбектерінде білім беру барысында цифрлық білім берудің дамуы мен эволюциясы, цифрлық педагогика ұғымы мен мәні зерттеліп, зерделенген.

Шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселелеріне қатысты орындалған зерттеулердің жан-жақтылығы мен маңыздылығына қарамастан, олар білім беруді цифрландыру жағдайында оқушылардың шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін толыққанды шешілмегендігі айқындалды.

Цифрландыру үдерісі білім беру кеңістігін цифрлық технологияның түрлілігімен, көптеген бағдарламалық жаңалықтармен қанықтыруда. Ал қазіргі таңда білім беруді цифрландыру үдерісінің педагогикалық әлеуеті мен мүмкіндіктері оқушыларға шетел тілін оқытуда толыққанды қолданылмайтындығы байқалды. Сондықтан да бір жағынан, аталмыш тақырып бойынша жинақталған тәжірибені жүйелеу қажеттілігі мен екінші жағынан, бастауыш сынып оқушыларына шетел тілін оқытудың әдістемесін білім беруді цифрландырудың педагогикалық әлеуетін толыққанды қолдану негізінде жаңарту қажеттілігі туындауда.

Зерттеу жұмысымыздың барысында жүзеге асырылған ғылыми – педагогикалық әдебиеттерді талдау, нормативтік, заңнамалық құжаттарды зерделеу, сонымен қатар, зерттеу мәселесін талдауға арналған материалдарға жүргізілген экскурс және аталмыш мәселенің теориялық және практикалық тұстарының зерттелу жағдайын саралау негізінде бұл мәселе бойынша қазіргі уақытқа дейін арнайы зерттеулер жүргізілмей, тек қана оның кейбір аспектілері мен мәселелері қарастырылғандығына көзіміз жетті. Бұл зерттеу жұмысының аясында келесі **қарама-қайшылықтардан** айқын көрінеді:

- білім беруді цифрландыру жағдайында мемлекеттік саясаттың талаптары мен бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негізделмегендігі;

- шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерді бастауыш сыныптан бастап қалыптастырудың қажеттілігі мен бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктері жайлы ғылыми тұрғыдан бірегей, ортақ анықтама мен жіктеудің болмауы және аталмыш

құзыреттіліктерді қалыптастырудың педагогикалық шарттарының айқындалмауы;

- білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда цифрлық оқыту контентін қолданудың қажеттілігі мен бұл мәселенің әдістемелік пен технологиялық тұрғыдан жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;

- бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту мәселесін шешудегі шетелдік, ресейлік және қазақстандық оң тәжірибені анықтау қажеттілігі және осы саладағы зерттеудің практикалық тұсының жеткіліксіз қарастырылуы.

Аталмыш қарама – қайшылықтардың шешімін табу зерттеудің тақырыбын «**Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары**» деп таңдауға негіз болды.

Қазіргі практиканың қажеттіктерін, білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттіліктерін, әлеуметтік тапсырысты назарға ала отырып және бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда цифрлық оқыту контентін қолданудың қажеттілігі мен аталмыш мәселенің әдістемелік және теориялық тұрғыдан жеткіліксіз зерттеліп, қажет оқу – әдістемелік құралдармен жеткіліксіз қамтамасыздандыру арасындағы қарама – қайшылықтың шешімін табу зерттеу проблемасы болып анықталды.

Зерттеудің мақсаты: білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу және әдістемесін жасау.

Зерттеудің нысаны: бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеудің пәні: бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Зерттеудің болжамы: *егер*, білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда біз айқындаған педагогикалық шарттар ескерілсе және даярланған модель негізінде жүзеге асырылса, *онда* бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады, *өйткені* олардың шетел тілінде қарым-қатынас жасау қабілетінің дамуы мен шетел тілін оқуға деген эмоционалды – құндылықты қарым – қатынасы артады.

Зерттеудің мақсаты мен болжамына, белгіленген зерттеу пәні және объектісіне сәйкес мынадай **зерттеу міндеттері** анықталды.

1. Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың мәндік сипаттамасын негіздеу («бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерінің» авторлық анықтамасы).

2. Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау.

3. Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың моделін жасау.

4. Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесін әзірлеу және тәжірибелік эксперимент барысында оны жүзеге асыру технологиясының тиімділігін тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: білім беруді цифрландыру аясында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру негізінде, өз жас ерекшелігіне тиесілі деңгейде шетел тілінде коммуникативтік қарым – қатынасқа түсе алатын, шетел тілін оқуға деген эмоционалды – құндылықты қарым – қатынасы қалыптасқан тұлға болуына мүмкіндік туады.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері:

- педагогикалық, әлеуметтік, психологиялық, философиялық көзқарас тұрғысынан алғандағы «коммуникативтік құзыреттілік», «шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілік» түсініктерінің мәнін ашатын теориялық ережелер;

- адамның жан – жақты, толыққанды дамуы туралы ілім; жүйелі-тұтас көзқарас теориясы;

Сонымен қатар, келесі әдіснамалық тұғырлар негізге алынды:

– іс-әрекеттік тұғыр (Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин, Г.В. Бабина, М.А. Черкасова);

- іс – әрекеттік технологиялық тұғыр (цифрлық білім беру технологиялары, цифрлық дидактика) (Пуентэдура Р., Келер, Мишра, В.И. Джусубалиева және т.б.)

– жүйелік тұғыр (К.Л.фон Бергаланфи, Ю.К. Бабанский, Н.Д. Хмель);

– тұлғаға-бағдарланған (И.А.Зимняя; Е.В.Бондаревская, В.Б.Шадриков, И.С.Якиманская);

– адамды, оның тұлғасын әлеуметтік жоғары құндылық ретінде анықтайтын аксиологиялық тұғыр (М.С.Каган, Д.С.Лихачев, В.А.Сластенин, Е.Н. Шиянов және т.б.);

- цифрлық дәуірде педагогиканы қайтадан зерделеу, трансформациялық білім беруді зерделейтін тарихи – трансформациялық тұғыр (Мазуров, Хелен Битэм, Рон Шапэн, Нургалиева Г.К., Мынбаева А.К. және т.б.) [Сейлханова]

- жобалау – модельдеу тұғыры (цифрлық құзыреттіліктер моделі, цифрлық сауаттылық) (Редекер К., Гилстер П., Аймалетдинов Т.А., Оспанова Б.Р. және т.б.) [Сейлханова]

– интеграциялық тұғыр (В. В. Краевский, А. В. Петровский, Г.Н. Айтмаганбетова, Н. Ф. Талызина, Е.Б.Дуйсенбеков, Г. Д. Глейзер, В. С. Леднёв, С. М. Гапеенкова, Г. Ф. Федорец және т.б.);

Зерттеудің көздері: зерттеліп отырған мәселеге арналған философия, шетел тілін бастауыш сыныптан бастап оқыту әдістемесі, психология, педагогика саласындағы еңбектер, ҚР нормативті-құқықтық құжаттары, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына енгізілген толықтырулар мен өзгертулер 24.10.2011 ж. № 487–IV ҚРЗ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауы 2012 жылғы 14 желтоқсан, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 727 қаулысы, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141-VII Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасының тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы (1 қыркүйек 2023 ж.), Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы (1 қыркүйек 2022 ж.), Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары сияқты нормативті құжаттары, оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқулықтар, зерттеушілердің алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелері, сонымен қатар, автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибелері саналады.

Зерттеудің әдістері: қойылған міндеттерді шешу және зерттеу болжамын тексеру үшін өзара байытатын және бір-бірін толықтыратын әдістер кешені қолданылды:

- *теориялық әдістер*, яғни: «Connected papers» бағдарламасы негізінде ғылымиметриялық карта жасау негізінде әдебиетке шолу жасау; философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, зерттеу мәселесі бойынша нормативтік-құқықтық және оқу-әдістемелік құжаттарды теориялық талдау; моделдеу; бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша педагогикалық тәжірибені зерттеп зерделеу;

- *эмпирикалық әдістер*: педагогикалық эксперимент ретінде тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың анықтаушы, қалыптастырушы, қорытынды кезеңдері жүзеге асырылды. Тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың

анықтаушы кезеңінде статистикалық деректерді өңдеу мақсатымен сұхбат жүргізу, бақылау, әңгімелесу, мектеп оқушыларын ынталандыру мәселесіне арналған зерттеуші Н.Г. Лусканованың «Бастауыш сынып оқушыларының мектепте оқуға деген ынтасын бағалау» атты бейімделген сауалнама варианты, оқушылардың шетел тілі деңгейін анықтайтын тест, В.А.Калягин мен Л.Н. Мацькомен бейімделген Р. Эриксонның коммуникативті – сөздік дағдыларды бағалау шкаласы, диалогтық тілдесім тесті, Excel мүмкіндіктері, орташа мән есебі қолданылды. Бақылау эксперименті барысында Пирсонның сызықтық корреляция коэффициенті, Чеддоктың корреляция коэффициентінің шкаласы қолданылды.

Сонымен қатар, педагогикалық бағалау, педагогикалық құжаттарды зерттеу, бастауыш мектеп оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлерінің диагностикасы; алынған мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістері: ранжирлеу, шкалалау, рейтингтік бағалау, зерттеу барысында алынған нәтижелерді математикалық және статистикалық өңдеу қолданылды.

Зерттеу базасы: Эксперимент жұмыстары Қарағанды қаласының КММ «№ 66 мектеп – лицейі» мен «Erfolg» МЕОО – да жүзеге асырылды.

Зерттеудің кезеңдері: Зерттеу жұмысы 2019 - 2023 жылдар аралығында үш кезең бойынша жүзеге асырылды.

Бірінші кезеңде (2019-2020 жж.) зерттеу мәселесі аясында ақпарат жинақталып, тандалды. Зерттеу мәселесі бойынша психологиялық, педагогикалық, философиялық еңбектерді талдау негізінде зерттеу жұмысының аппараты әзірленді, яғни зерттеудің мақсаты, міндеттері, пәні мен нысаны, ғылыми болжамы мен кезеңдері анықталды.

Анықтаушы эксперимент кезінде білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейлері, ағылшын тілі мұғалімдерінің қолданыстағы әдіс-тәсілдері, оқыту мазмұны мен үдерісі сарапқа салынып, сараланды. Соның нәтижесінде ғылыми мақалалар жарияланып, ағылшын тілінен жұмыс дәптері, интерактивті тапсырмалар жиынтығы мен әдістемелік нұсқаулық бойынша жұмыс жүргізілді.

Екінші кезеңде (2020-2022 жж.) қалыптастыру эксперименті жүргізілді, білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалып, моделі жасалды. Осының негізінде әдістемелік іс-шаралар жүйесі әзірленді, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың неғұрлым тиімді жұмыс формалары мен әдістері анықталып, оларды жүзеге асыру технологиясы тандалды. Сондай-ақ, «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы» атты оқу құралы, «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» атты электронды оқу-әдістемелік құралының, сондай-ақ «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту

бағдарламасы» атты әдістемелік нұсқаулық даярланып жүйеленді. Аталмыш оқу-әдістемелік кешен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес зерттеу базаларының оқу үдерісіне енгізілді.

Үшінші кезеңде (2022-2023 жж.) қорытынды эксперимент жүргізіліп, атқарылған зерттеу жұмысының нәтижелері жүйеге келтірілді. Анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің нәтижелері салыстырылып, талданды. Зерттеудің нәтижелеріне негізделе отырып алынған ғылыми деректер жинақталып, соның негізінде қорытындылар мен ұсыныстар даярланды. Сонымен қатар диссертация талаптарына сәйкес кестелер мен суреттер жүйеленіп, пайдаланылған әдебиеттер тізімі ретке келтірілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- «коммуникативтік құзыреттілік», «шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілік» түсініктерінің мәнін нақтылау мақсатында педагогикалық, психологиялық, философиялық әдебиеттерге терең талдау жасап, «бастауыш сынып оқушысының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктері» ұғымына *авторлық анықтама* берілді;

- бастауыш сынып оқушыларының білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды;

- бастауыш сынып оқушыларының білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың моделі жасалды;

- бастауыш сынып оқушыларының білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұны таңдалды, әдістемесі әзірленді және оны жүзеге асыру технологиясы таңдалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары бойынша даярланған авторлық оқу-әдістемелік кешені МЕОО «Erfolg» мектебінің оқу-тәрбие үдерісіне және Максим Танк атындағы БМПУ-дің біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының (*Белоруссия, Минск қаласы*) «Шетел тілі» мамандығы бойынша қайта даярлау бағдарламасына енгізілгені туралы 3 акт құрастырылды:

- «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту бағдарламасы» атты әдістемелік нұсқаулық («6В01705-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын)» мамандығы студенттеріне, бастауыш мектептің ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған);

- «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы» атты оқу құралы (авторлық құқық № 35821, 2023 ж. 17 мамыр; «6В01705-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын)» мамандығы студенттеріне, бастауыш сынып оқушыларына арналған) (Қосымша А);

- «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» атты электронды оқу-әдістемелік құралы (авторлық құқық № 15435, 2021 ж. 24 ақпан; «6B01705-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын)» мамандығы студенттеріне, бастауыш мектептің ағылшын тілі мұғалімдеріне, бастауыш сынып оқушыларына арналған) (Қосымша Ә);

- білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары бойынша даярланған авторлық оқу-әдістемелік кешенін Максим Танк атындағы БМПУ-дің біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының (*Белоруссия, Минск қаласы*) «Шетел тілі» мамандығы бойынша қайта даярлау бағдарламасына енгізілді (ГЗЖ нәтижелерін оқыту үдерісіне енгізу бойынша акт, 17.02.2022) (Қосымша Б).

- зерттеудің анықтаушы және қорытынды кезеңдерінде «№66 мектеп – лицей» КММ - нің 3 сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бақылау бойынша анықтама алынды (Қосымша В).

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Педагогика ғылымында «коммуникативтік құзыреттілік», «шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілік» ұғымдарының нақтыланған мәні мен «бастауыш сынып оқушысының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігінің» авторлық анықтамасы.

Коммуникативтік құзыреттілік - адамның белгілі бір қарым-қатынас жағдайында бейімделу қабілетіне байланысты сөйлеу мінез-құлық бағдарламаларын таңдау және іске асыру.

Аталмыш зерттеудің аясында *шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілік* бұл оқушының шетел тілінде коммуникативтік тілдесімді сәтті жүзеге асыруға қажетті және жеткілікті тілдік дағдыларды, іскерліктерді, социомәдени білімдерді игеруі ретінде қарастырамыз (Е.Н. Соловова).

Бастауыш сынып оқушысының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігі деген - бұл оқушының шетел тілінде оған өзекті тұрмыстық, оқу, мәдени мәселелерді шешу қабілеті, сол сияқты, оқып жатқан тіл елінің мәдениет ерекшеліктері мен айырмашылықтарын ескеру негізінде шетел тілінде коммуникативтік қарым - қатынасты сәтті жүзеге асыру қабілеті (*авторлық анықтама Каримова Г.С.*).

2. Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен моделі.

Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды жүзеге асырудың *педагогикалық шарттары* келесідей:

- *ұйымдастырушылық шарттар* (білім беруге қажетті материалды – техникалық құралдармен қамтамасыз ету, оқушылардың сабақтық және сабақтан тыс жұмыстарының үйлесімділігі);

- *дидактикалық шарттар* (мақсатқа сәйкес оқыту формалары мен әдістерін орынды таңдау, дидактикалық ұстанымдарды сақтау);

- *оқу - әдістемелік шарттар* («ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» атты электрондық оқу құралы мен ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы» атты электронды интерактивті тапсырмалар жиынтығы, «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту бағдарламасы» атты әдістемелік нұсқаулық).

Модельді құру - теориялық білімнің маңызды категорияларының бірі, теориялық деңгейде бұл әртүрлі белгілерді, дерексіз модельдерді, эксперименттік деңгейде - пәндік модельдерді қолданатын үдерістер мен құбылыстарды зерттеудің жанама әдісі, сондықтан модельдерді құру және оларды педагогикалық зерттеулерде қолдану кеңінен қолданылады.

Ұсынылып отырған модель бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейлерін зерттеп білу, оның педагогикалық шарттарын айқындап, білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға кешенді және жүйеленген көзқарас қалыптастырып, сонымен қатар оқушылардың шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін оңтайлы жүзеге асыру мақсатында біз ұсынған авторлық оқу – әдістемелік кешенін оқу – тәрбие үдерісіне енгізу арқылы жүзеге асырылады. Осының негізінде, біз жасаған модельдің барлық компоненттері өзара мазмұнды және функционалды байланысты екенін атап өтеміз. Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі - күрделі, кезең-кезеңмен жүзеге асатын дәйекті, жүйелі және үздіксіз үдеріс деп білеміз.

3. Бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі.

Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді оқу – әдістемелік құралдары: «6B01705-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын)» мамандығы студенттеріне, ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту бағдарламасы» атты әдістемелік нұсқаулық, «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» атты жұмыс дәптерімен «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы» атты интерактивті тапсырмалар жиынтығының мазмұны, жұмыс жоспары, тапсырмалары.

4. Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық – мазмұндық моделінің тиімділігін растайтын тәжірибелік – эксперименттік тексеру нәтижелері.

Тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелері Пирсонның сызықтық корреляция коэффициенті бойынша есептелді, яғни бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерінің лингвистикалық (лексика) компоненті бойынша $r_{xy} = 0,93$ тең. Ал

прагматикалық компонент бойынша $r_{xy} = 0,93$, социолингвистикалық компонент бойынша $r_{xy} = 0,91$, лингвистикалық (грамматика, орфография, орфоэпия, фонология) компонент бойынша $r_{xy} = 0,90$ болса, шетел тілін оқуға деген эмоционалды – құндылықты қарым – қатынасының көрсеткіштері бойынша $r_{xy} = 0,92$ құрады. Аталмыш коэффициенттердің негізінде бастауыш мектептің оқу - тәрбие үдерісіне енгізілген авторлық кешенді оқу – әдістемелік құрал мен ЭТ сыналушыларының көрсеткіштерінің жоғарылауы арасындағы байланыс күшін анықтау мақсатында біз белгілі статистик Чарльз Гилберт Чаддоктың шкаласын қолдандық.

Осылайша, жоғарыда сипатталған статистикалық өңдеудің нәтижелері бастауыш мектептің оқу - тәрбие үдерісіне авторлық кешенді оқу – әдістемелік құралын енгізу мен ЭТ сыналушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерінің көрсеткіштерінің жоғарылауы арасындағы байланыстың тығыздығын көрсетіп, Чарльз Гилберт Чаддоктың шкаласы бойынша «өте жоғары» деген сипаттамаға сай келеді. Өз кезегінде бұл біз әзірлеген авторлық кешенді оқу – әдістемелік құралдың тиімділігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендіру:

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 15 еңбекте жарық көрді. Диссертация тақырыбы бойынша 3 оқу-әдістемелік құралы жарық көрді. Сонымен қатар, 1 мақала республикалық ғылыми – практикалық конференцияда, 5 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 1 мақала Ресейлік ғылыми сілтемелеу индексіне (РГЗИ) енетін журналда, 4 мақала ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 2 мақала Scopus базасының деректер қорына енген шетелдік журналда жарияланды. Атап айтатын болсақ:

1. «Modern pedagogical technologies in foreign language education: trends, transformations, vectors of development: scientific collection works of the International scientific and practical conference» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Болгария, 2021);

2. «Fundamental and applied science - 2019» атты 15-ші халықаралық ғылыми конференция (Англия, 2019);

3. «Современные тенденции развития науки и образования в условиях информационной глобализации» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Қарағанды, 2020);

4. «Наука и образование - важнейший фактор развития общества в современных условиях» атты VII халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция (Қарағанды, 2020);

5. Қазақ инновациялық заң университетінің Хабаршысында (Семей, 2020), (РГСИ);

6. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналда (2020, желтоқсан) (ҒЖБССҚК);

7. Қарағанды университетінің хабаршысында. Педагогика сериясы (2021) (ҒЖБССҚК);

8. Қарағанды университетінің хабаршысында. Педагогика сериясы (2022) (ҒЖБССҚК);

9. Қарағанды университетінің хабаршысында. Педагогика сериясы (2023) (ҒЖБССҚК)

10. International Journal of Knowledge and Learning (2023), 16 (4), 374–394. (Scopus, Q3, процентиль - 36).

11. International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology (IJEMST) (2023), 11(5), 1113-1130. (Scopus, Q2, процентиль - 57).

Диссертацияның құрылымы мен көлемі: Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 133 бет болып табылады, 175 дереккөзде белгіленген және 19 кесте мен 36 суреттерді қамтиды.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі, ғылыми аппараты, мақсаты, нысаны, пәні, міндеттері мен болжамы, жетекші идеясы, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері, әдістері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық мәнділігі, маңызы, зерттеу кезеңдері мен базасы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар қамтылған.

«Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеліп отырған проблема бойынша педагогикалық, психологиялық және әдістемелік тұрғыларынан теориялық және практикалық жақтарынан негізделіп, білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері қарастырылды; білім беруді цифрландыру жағдайында ҚР және шетелдерде бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың үдерісі қарастырылды. Бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалып, моделі жасалды.

«Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесі» атты екінші тарауда білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұны, оқытудың әдіс-тәсілдері, құралдары, ұйымдастыру формалары қарастырылып, бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиясы жүзеге асырылды. Аталмыш мәселе бойынша екі электрондық оқу-әдістемелік құралы мен бір әдістемелік нұсқаулықты қолданудың тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, эксперименттік жұмыс барысы баяндалды.

Қорытындыда теориялық, эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарының нәтижелеріне негізделе отырып, ұсыныстар мен тұжырымдар берілді.

Қосымшада бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытуда қосымша құрал ретінде қолданатын «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына

арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» және «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы» атты бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытуға арналған оқу құралының, «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту бағдарламасы» атты бастауыш мектептің ағылшын тілі мұғалімдеріне және «6B01705-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын)» мамандығы студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтың көріністері ұсынылды. Сондай-ақ, ғылыми зерттеу жұмыс нәтижелерін оқыту үдерісіне енгізу жайлы актілер (3 акт) және де авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәліктер енгізілді (3 куәлік). Сол сияқты, оқушылардың ағылшын тілінен деңгейін анықтауға бағытталған тесттің көрінісі мен зерттеудің анықтаушы және қорытынды кезеңдерінде «№66 мектеп – лицей» КММ - нің 3 сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бақылау бойынша анықтама келтірілген.